

# БОЛАШАҚҚА СЕРПІН БЕРЕЙІК!

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев халыққа арнаған жолдауында кәсіптік білім мәселесіне барынша басымдық беру қажеттігіне айрықша назар аударды. «Қазақстан-2050» стратегиясында жастардың білімін жетілдіру үшін жағдай жасау керектігін айта келіп: «Біздің жастарымыз оқуға, ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануы тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндікті жасап, ең қолайлы жағдаймен қамтамасыз етуіміз керек», – деген болатын. Жастарға тегін кәсіптік-техникалық білім беру мәселелері де мемлекет тарапынан оңтайлы шешімін табуда. Мемлекет басшысы баса назар аударып отырған баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру жобасы Үкіметтің қаулысымен қолға алынып, ол үшін жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылуда.

**Ж**езқазған Бизнес және көлік колледжінде Білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, аймағымыздағы жастарға



кәсіптік-техникалық білім беруде инновациялар кеңінен іске асырылуда.

Біздің колледж – ҚР білім беруді модернизациялау бағыттарына сәйкес үздіксіз білім берудің тұрақты жүйесі негізінде заманауи кәсіптік-техникалық орта білім беретін мекемеге айналып, оны іске асыруда нақты қадамдар жасауда. 2016-2019 жылдарға арналған колледждің стратегиялық жоспары бекітіліп, білім беру жүйесінің межелі мақсаттары мен міндеттері тиянақты түрде жүзеге асып келеді. Колледждің инновациялық білім беру қызметі ҚР ISO 9001:2009, ҚР ISO 9001-2016 Сапа менеджмент стандарттарының талаптарына сәйкестігін екі мәрте дәлелдеп, үш жыл мерзімге сертификатталды. Колледж 2017 жылдың мамыр айында Аккредиттеу және рейтингтің Тәуелсіз агенттігі өткізген институционалды және мамандандырылған сыртқы аккредиттеу кеңесінің шешімімен бес жыл мерзімге аккредиттелді.

ҚР Президенті Н. Назарбаев «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» атты бағдарламасында білімнің жаңаруын қарастыратын кәсіптік-техникалық білім беру саласында халықаралық серіктестікті дамытуға аса мән берген болатын. Осыған орай әр бағыт бойынша меморандум, келісімшарттар жасау арқылы халықаралық серіктестікті орнату – колледж дамуының маңызды стратегиялық міндеттерінің біріне айналып отыр. Атап айтқанда, Беларусь Республикасының Минск қаласындағы Кәсіптік білім беру республикалық институтымен, Франция Білім академиясымен, Малайзия мемлекетінің

«Management Science University» атты мекемесімен достық қарым-қатынасты нығайтып, тәжірибе алмасу бойынша меморандум жасалып, іскери байланыс орнатылды.

Педагогикалық корпоративтік менеджмент инновациясына сүйене отырып, бүгінгі таңда колледждегі 1143 шәкіртке аймақтағы жастарға нарық сұраныстарына қажет – теміржол, автокөлік, бизнес саласы, тігін өнеркәсібі, автоматтандыру және басқару т.б. 14 мамандық бойынша кәсіптік-техникалық білім беріліп, жұмыспен қамтамасыз ету, әлеуметтендіру мәселелері де біртіндеп шешілуде. Қызметінің жүйелі түрде нақты сапа мен нәтижеге бағытталуының арқасында колледж мемлекет тарапынан үлкен сенімге ие болды. Соның нәтижесінде 2012-2017 жылдар аралығында 587 студент мемлекеттік тапсырыспен білім гранттары негізінде тегін білім алды.

Елеулі жаңалықтардың бірі – «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі «Серпін-2050 жобасына» енуі. Жезқазған Бизнес және көлік колледжі аталмыш бағдарламаны орындауға қатысатын кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарының бірі ретінде белгіленді.

«Серпін-2050» бағдарламасы – жастардың сапалы кәсіптік білім алуына, жұмыспен қамтамасыз етілуіне, әлеуметтік жағынан қолдауға ие болуына мол мүмкіндік беретін жоба. Арман-мақсатына сара жол салынып, болашағының белесті бағыты белгіленген 80 оңтүстіктік жас өрен «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру, басқару», «Теміржол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу, техникалық қызмет көрсету» мамандықтары бойынша білім алуда. Үстіміздегі оқу жылында алғашқы 50 түлек оқуын аяқтап, еңбек майданына араласпақ.



«Серпін» жобасындағы студенттерге заманауи педагогикалық технология арқылы сапалы білім берумен қатар «Нұр Жол Әлем» ЖШС, «Қазақстан теміржолы» ҰК АҚ, «Марал-Нұр» ЖШС, «КМ TRANCO» ЖШС мекемелерінен өндірістік тәжірибеден өтуіне мүмкіндіктер жасалған.

Жатақхана қажетті жиһаздармен, материалдық-техникалық құралдармен жабдықталған. Жатақхана студенттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында іші-сыртына бейнекамера орнатылып, өрт қауіпсіздігі сигналдарымен қамтылды, жатақхананың ауласы абаттандырылды. Жатақханада студенттер асханасы, медициналық кабинет, оқу залдары, қыздар және ұлдар үшін бөлек жуы-

натын бөлмелер пайдалануға берілді. Студенттердің сапалы білім алуына толық жағдай жасалды.

Оңтүстік өңірден келген серпіндік жастардың алаңсыз сапалы білім алуына, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының жайлы болуына колледж құрылтайшысы ретінде демеушілік етіп, қолдау көрсетіп келеміз. Бүгінгі таңда студенттер 100 орындық заманауи үлгідегі жатақханаға ие болды.

«Серпін» жобасында қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және әлемдік жетістіктерді қабылдауға икемделген құзыретті тұлғаны қалыптастыру, жас өркеннің рухани болмысы мен азаматтық бейнесін дамыту мақсатында келелі шаралар жоғары дәрежеде



ұйымдастырылуда. Атап айтсақ, «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» атты республикалық семинар-практикум әлеуметтік жобаның басталуына серпін берсе, «Қазақстан-2050» стратегиясы Мәңгілік ел жастарының көзқарасымен» тақырыбындағы ҚР Білім және ғылым министрлігі, «SERPIN» білім беру ұйымдарының қауымдастығымен біріккен колледж базасындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция студенттеріміздің ел индустриясының дамуы мен жаңғырту үрдістеріне деген өзіндік ұстанымдарын қалыптастыруға негіз болды.

**Колледжде ҚР «Нұрлы жол» бағдарламасы мен Қытай Халық Республикасының «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясында осы жобаның президенті Су Хуэйцзюнь, «Серпін» АҚ Ұлттық жобалар басқармасының өкілдері қатысқан іс-шара өтті. Келген қонақтарға серпіндіктер ұлттық салт-дәстүріміз бен өнер-мәдениетімізді насихаттады.**

«Серпін» әлеуметтік жобасының үш жылдығына арналған «Мен серпінді қолдаймын!» қалалық флэшмобы арқылы жастар арасында салауатты өмір салты мен бұқаралық спорт насихатталды. Серпіндік жастар оқудан тыс уақытта қоғамдық пайдалы еңбекке, мәдени шараларға қатысады. Мысалы, «Серпін» бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттер арасынан



«Әзіл орда» жайдарман командасы Қарағанды қаласындағы «Болашақ жастардың қолында» атты облыстық фестивальға қатысып, жүлделі екінші орынды иеленді. «Серпін» сардары – Сапарбек Еркебұлан Семей қаласында өткен «Серпін» жастарының I республикалық форумына қатысты. Аталмыш форумның мақсаты – үш жылда серпіндіктердің ортаға бейімделуі, жалпы жобаны жетілдіру, түлектердің еңбекке орналасуы сияқты мәселелердің шешімін айқындау еді.

«Балам» дейтін елің болмаса, «елім» дейтін бала қайдан болсын?!» – деп халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Мәңгілік ел» идеясын бетке ұстаған тәуелсіз мемлекетімізде еліміздің болашағы – жастарымызға барынша қамқорлық жасалып, олардың

азамат ретінде қалыптасуына, мүмкіндіктерінің толықтай ашылуына сара жолдар салынуда.

«Серпін» жобасындағы жастарымыз өздеріне тиісті білімді жинай отырып, қоғамға қажетті кәсіптерді игерсе, өсіп-өнсе, еліміздің гүлденуіне отансүйгіштік парасат пен білім-біліктілігін арнаса, нұр үстіне нұр болмақ.

Ұлтын ұлықтап, еліне еселі еңбегімен танылатын, елін, жерін ардақтай отырып, оның тарихын қадірлей білетін Мәңгілік ел ұрпақтарын тәрбиелеу – біздің колледждің бүгінгі білім мен тәрбие жүйесіндегі басым бағыты.

**Б. АЛТЫНБЕКОВ,**  
**Жезқазған Бизнес және көлік колледжінің құрылтайшысы, ҚХА мүшесі, ҚР Білім меценаты, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері**



**АННОТАЦИЯ** ○

В статье учредитель Жезказганского колледжа бизнеса и транспорта Б. Алтынбеков описывает колледж как профессионально-техническое образовательное учреждение, которое готовит квалифицированных специалистов, востребованных на рынке труда. Выпускники из южных регионов могут учиться по государственному образовательному гранту в рамках социальной программы «Серпін-2050»: «Мәңгілік ел жастары – индустрияға». В колледже созданы все условия для профессионального обучения студентов, возможности трудоустройства конкурентоспособных выпускников в рамках социального партнерства колледжа с работодателями.